

Инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының ҚАУЛЫСЫ 1997 жылғы 26 маусым N 90 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 қазанда тіркелді. Тіркеу N 380. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 256 (V043098) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
қ а у л ы е т е д і :

1. Инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына қойылатын
т а л а п т а р б е к і т і л с і н .

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасына осы талаптарды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеу үшін ұсыну жүктелсін.

3. Экономикалық талдау бөлімі осы талаптарды, ол Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы нұсқау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген сәттен бастап күшіне енеді.

5. Осы талаптардың орындалысына бақылау жасау инвестициялауды басқару бөліміне жүктелсін.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының
1997 жылғы 26 маусымдағы
N 90 қаулысымен

Бекітілген

**Инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына
қойылатын талаптар**

I. Жалпы ережелер

1.1. Инвестициялық декларация инвестициялық қордың және оның басқарушысының инвестициялық қызметінің негізінде болатын негізгі құжат
б о л ы п т а б ы л а д ы .

1.2. Инвестициялық декларация инвестициялық қордың құрылтай жиналысында әзірленеді және бекітіледі.

1.3. Инвестициялық декларация инвестициялық қордың жарғысында көрсетіледі және оның ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

1.4. Инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім инвестициялық қордың жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін айқындалған тәртіпте акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.

1.5. Инвестициялық қордың басқарушысы инвестициялық декларация мазмұнын бұзып бағалы қағаздар портфелін қалыптастыруға құқықты емес.

II. Инвестициялық декларацияның мазмұны

Инвестициялық декларацияның мазмұнында мынадай ережелер болу керек:

2.1. Инвестицияның мақсаттары мен стратегиясы

- а) салымның табыстылығын қамтамасыз ету;
- б) салынған қаражаттардың өсуін қамтамасыз ету.

2.2. Инвестициялық саясаттың бағыттары

а) қордың бағалы қағаздар рыногындағы жобаланған қызметінің қысқаша с и п а т т а м а с ы ;

* инвестициялау жобаланған бағалы қағаздардың (акциялар, корпорациялық облигациялар, мемлекеттік бағалы қағаздар және басқалар) түрлері және типтері кө р с е т і л у к е р е к ;

* бағалы қағаздардың айналысы болатын аумаққа және эмитенттердің қатыстылығына байланысты тиісті мемлекеттер немесе мемлекеттердің тобы кө р с е т і л у к е р е к ;

* қордың қаржыларын инвестициялау жобаланған экономиканың салалары және салалық буындары көрсетілу керек. Экономиканың әрбір саласы мен салалық буыны үшін міндетті түрде ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 22-27/46 шешіміне сәйкес ҚР Мемстаткомының 1994 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен бекітілген ХШСЖЖ-дің нақты коды көрсетіледі;

* инвестициялау жобаланатын бағалы қағаздардың сипаттамасы басқа да ерекшеліктермен (белгілі бір қор биржасындағы листингке міндетті түрде қатысу , бағалы қағаздардың айналыс мерзімдері және т.б.) толықтыруы мүмкін;

б) бағалы қағаздар портфелін әртараптандырудың (инвестициялық қордың портфеліндегі әртүрлі бағалы қағаздардың ең төменгі және ең жоғарғы үлестері) н о р м а л а р ы н а й қ ы н д а у .

2.3. Инвестициялық қызметтегі шектеулер

Инвестициялық декларацияның мазмұнында инвестициялық қызметтегі " Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында айқындалған шектеулер болу керек.

Инвестициялық декларацияға жоғарыда аталған шектеулерден басқа инвестицияның қосымша шектеулері енгізілуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК